

## Шалқар ауданы Есет Көтібарұлы селолық округі әкімінің 2009 жылғы 4 наурыздағы № 16 "Көшелерге атау беру туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Есет Көтібарұлы ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 4 сәуірдегі № 2 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 19 сәуірде № 5452 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 3 шілдедегі "Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңына және Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әртүрлі заңнамалық актілердің құқық нормалары арасындағы қайшылықтарды, оқшылықтарды, коллизияларды және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін нормаларды жою мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Конституциялық Заңына және Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 50 бабына сәйкес, Шалқар ауданы Есет Көтібарұлы ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Шалқар ауданы Есет Көтібарұлы ауылдық округі әкімінің 2009 жылғы 4 наурыздағы № 16 "Көшелерге атау беру туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3-13-102 тіркелген, 2009 жылғы 15 сәуірде аудандық "Шалқар" газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің деректемелерінде "селолық" сөзі тиісінше "ауылдық" сөзімен ауыстырылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Есет Көтібарұлы*  
ауылдық округінің әкімі

*А. Муратов*